

«Келісілді»
Зеренді аудандық
«Білім бөлімі»
ММ басшысы

Уайсов Ж.Ө.
«-----»-----2020ж



«Бекітемін»
«Жаңаауыл БМ»
КММ-нің меңгерушісі
У.Е. Махметова

«-----»-----2020ж



«Қаралды»
ӘБ жетекшісі»

«-----»-----

«Ертегілер елінде »
Мектепалды даярлық топқа арналған
вариативтік сабақ жоспары

Түсінік хат

Мектептің даярлық сыныптарында жүргізілетін «Ертегілер елінде» арнайы ұйымдастырылған дамыту, тәрбиелеу сабақтарының атқаратын рөлі зор.

Бұл арнайы ұйымдастырылған дамыту, тәрбиелеу сабақтары балалардың тіл байлығын қалыптастырады. Сондай-ақ ертегіні білуге, әңгімелеуге ғана үйретіп қоймай, балалардың эстетикалық талғамын, білімін, сөйлеу нақышын, қызығушылығын арттыратыны анық.

Сондықтан арнайы ұйымдастырылған дамыту, тәрбиелеу сабақтары даярлық сыныптарда мақсатты түрде жүргізілуі керек.

Осы арнайы ұйымдастырылған дамыту, тәрбиелеу сабақтары бойынша ұсынылып отырған материалдар даярлық сынып балаларының білімін, ой-өрісін, тіл байлығын арттыруға арналған шығармалармен қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ даярлық сынып балаларының деңгейіне сай құрылған бұл бағдарламада ақпараттық құралдарды қолдана отырып, ертегілерді оқу, әңгімелеу (баяндау) тыңдау мүмкіндіктері қарастырылған.

Мақсаты:

Өз ауылына саяхат жасау арқылы балалардың тілін, сөздік қорын молайту.

Ой-өрісін, сана-сезімін жан-жақты дамыта отырып, баланың бойына озық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді сіңіретіндей, имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеу.

Балалар заттардың айқын образын көрсете білуге, ертегілер туралы түсініктерін бекіте отырып, тілдерін ойлау қабілеттерін дамыту.

Басты міндеттері:

- баланың сөздік қорын молайту;
- баланың тілін дамыту;

- баланы мазмұндауға дағдыландыру;
- баланы жақсылық пен жамандықты айыра білуге үйрету;
- ертегілерді өздері орындата отырып, қызығушылығын қалыптастыру;
- кейіпкерлердің дауыс ырғағын сала білуге көңіл аударту;
- кейіпкерлер арасындағы достық, қамқорлық сезімді ұғындыра отырып бір-біріне әдептілік, кішіпейілділік жасау, қиын жағдайда жәрдемдесу;

Нәтижелілігі:

- балалардың тіл орамдылығын арттырып, өмірге көз қарасын қалыптастыру;
- ой-өрісін кеңейтіп, сөздік қорын молайту;
- балаларды жақсыға үйретіп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу;
- мейірімділікке, адамгершілікке, ақылдылыққа баулу.
- суретке қарап мазмұнын түсіне білу.
- таныс ертегінің соңын басқаша құрастырды.
- ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіру.
- сөздерді анық айтып, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Бұл пән аптасына 1рет, жылына 32сағат жүргізіледі.

Бұл бағдарламада осы пәнді жүргізу үшін негізгі 8бөлім қамтылады.

- 1-бөлім. Кіріспе Ертегі туралы түсінік 2 сағат
- 2-бөлім «Әжемнің ертегілері» 4сағат
- 3-бөлім «Хайуанаттар әлемінде» 5 сағат
- 4-бөлім «Таңғажайып оқиғалар» 4 сағат
- 5-бөлім «Ертегілер әлемінде» 5 сағат
- 6-бөлім «Табиғат та тіл қатады» 6 сағат
- 7-бөлім «Қазақ ертегілері» 6 сағат
- 8-бөлім «Қорытынды сабақ» 2 сағат.

Бұл бөлімдер арқылы балалардың ертегілерді тыңдау, әңгімелеу, әртүрлі тапсырмаларды орындау арқылы сөздік қоры артып, еркін сөйлеуге үйренеді.

Бағдарламаның мазмұны:

I бөлім Кіріспе 2 сағат

Ертегі туралы түсінік беру – Ертегі туралы айтып өту. Балалардың білетін бірнеше қысқа ертегілерін еске түсіру, бұрын сабақтарда өткен ертегілер болса, сахналап көрсету, рөлдерге бөлу. Ертегінің түрлерімен таныстыру - тақырыбында балаларға ертегінің түрлері туралы қысқаша түсінік беріледі.

II бөлім «Әжемнің ертегілері» 4 сағат.

Үлкендерден естіген ертегілер, Өздері білетін ертегіні ортаға салу – оқушылар өздерінің үйлерінде естіген ертегілерін ортаға салады. «Әйгілі ертегі» айдарымен «Бауырсақ» ертегісін әңгімелеу. Мұнда балалар ертегіні айтып, рөлдерге кіріп, көріністер ұйымдастырады.

III бөлім «Хайуанаттар әлемі» 5 сағат

«Түлкі мен тырна» ертегісі бойынша аңдарға сипаттама беріледі. Балалар рөлдерге бөліп айтады. «Ауырған арыстан» ертегісі бойынша балалар түсінгендерін өз сөзімен айтады. Жануарлардың дауыс ырғағын келтіре отырып әңгімелейді.

IV бөлім «Таңғажайып оқиға» 4 сағат бөлімдерінде балалар өздерінің үйлерінде немесе теледидардан, басқаларда ақпараттық құралдар арқылы тыңдаған, көрген ертегілерін әңгімелеу немесе сомдау арқылы ортаға салады. Тәрбиешінің көмегімен ертегіні толықтырып, түсінуге мүмкіндік алады. Табиғатты аялау керек деген әңгіме жүргізіледі.

V бөлім «Ертегілер әлемінде» 5 сағат-

Тақырыбы бойынша қысқаша көріністер және диафильмдер көрсетіледі. Ертегілер елі арқылы балалардың тілін, сөздік қорын молайту,

ой-өрісін, сана-сезімін жан-жақты дамыту, іс-әрекеттерді ертегілерде пайдалана отырып, сахналау, қойылым туралы түсініктерін кеңейту.

VI бөлім «Табиғатта тіл қатады» 6 сағат

«Орман дәрігері» ертегісіне коллаж құрастырылады, кейіпкерлерге мінездеме беруге үйретемін. Көріністер көрсету, сахналауға үйрету. Хайуанаттарды, табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу. Нақышына келтіре отырып әңгімелеуге үйрету.

VII бөлім «Қазақ ертегілері» 6 сағат

«Әлем халық ертегілерінен» мысалдар келтіруге болады. Халықтың салт-дәстүрін білуге тәрбиелеу. Ұнатқан ертегілерден қысқаша көрініс қоюға үйрету. Қайырымдылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

VIII бөлім «Қорытынды сабақ» 2 сағат Өткенді қайталау, қысқа көріністер ұйымдастыру. Кейіпкерлерді нақты сомдауға үйрету. Өткен ертегілерді еске түсіру, әңгімелеу дағдысын қадағалау.

**«Ертегілер елінде» бағдарламаның күнтізбелік жоспары
аптасына 1 сағат жылына 32 сағат.**

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өтетін күні	Мақсаты
I- бөлім Кіріспе 2 сағат				
1	Ертегі туралы түсінік беру	1	7.09.20	Ертегіні оқып,балаларға жан-жақты түсіндіру
2	Ертегіні түрлерімен таныстыру	1	14.09	Ертегінің түрлері туралы қысқаша мағлұматтар беру.
II бөлім «Әжемнің ертегілері» 4 сағат				
3	Үлкендерден естіген ертегілер	1	21.09	Ертегілерді тындап,түсінуге үйрету
4	Өздері білетін ертегіні ортаға салу	1	28.09	Өз ойын айту,ертегіні аяқтауға бағыттау
5	«Әйгілі ертегі» айдарымен «Бауырсақ» ертегісін әңгімелеу	1	5.10	Осыған ұқсас ертегілерді айтқызу арқылы тілдерін дамыту
6	Мен ертегілер әлеміндемін	1	12.10	Қысқаша көріністер
III Бөлім «Хайуанаттар әлемі»5 сағ				
7	«Түлкі мен тырна» ертегісі	1	19.10	Андарға сипаттама беру
8	«Ауырған арыстан» ертегісі	1	26.10	Андарға сипаттама беру

9	«Жеті лақ» ертегісі	1	2.11	Образға кіру, дауыс ырғағын қалыптастыру.
10	Әңгімелеу	1	16.11	Дауыс ырғағын келтіре отырып әңгімелеу
11	Мен ертегілер әлеміндемін	1	23.11	Қысқаша көріністер ұйымдастыру.
IV бөлім «Таңғажайып оқиғалар» 4сағ				
12	«Шалқан» ертегісі	1	30.11	Табиғатты аялауға баулу
13	Әңгімелеу	1	7.12	Сөйлеуге үйрету
14	Керемет сандықша	1	14.12	Дауыс ырғағын келтіре отырып әңгімелеу
15	Мен ертегілер әлеміндемін	1	21.12	Қысқаша көріністер ұйымдастыру
V бөлім «Ертегілер әлемінде» 5сағ				
16	«Ақ тиін мен қасқыр»	1	28.12	Ертегіні тыңдау, әңгімелеу
17	Әңгімелеу	1	11.01	Образдарға кіру арқылы келесі кейіпкерге әсер ете білу
18	Алтын сандық	1	18.01	Тыңдау .сұраққа жауап беруге үйрету
19	«Катя мен Маша» ертегісі	1	25.01	Ертегіні түсіндіру, сахналау.
20	Мен ертегілер әлеміндемін	1	15.02	Қысқаша көріністер көрсету
VI бөлім «Табиғатта тіл қатады» 6сағ				
21	«Орман дәрігері» ертегісі	1	22.02	Кейіпкерлерге мінездеме беруге қалыптастыру
22	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	1	1.03	Көріністер көрсету, сахналау
23	«Арыстан мен адам» ертегісі	1	15.03	Хайуанаттарды, табиғатты құрметтеуге үйрету
24	Мен ертегілер	1	5.04	Нақышына келтіре отырып

	әлеміндемін			әңгімелеуге үйрету
VII бөлім «Қазақ ертегілері» 6сағ				
25	«Қасқыр мен қойшылар»ертегісі	1	12.04	Қайырымдылыққа үйрету
26	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі	1	19.04	Нақышына келтіре отырып әңгімелеуге үйрету
27	«Балықшы мен балық» ертегісі	1	26.04	Халықтардың салт-дәстүрін білу
28	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі	1	3.05	Нақышына келтіре отырып әңгімелеуге үйрету
29	«Бір уыс мақта» әңгімесі	1	10.05	Еңбекқорлыққа тәрбиелеу
30	Мен ертегілер әлеміндемін	1	17.05	Ұнатқан ертегілерінен қысқаша көрініс
VIII «Қорытынды сабақ» 2 сағ				
31	Өткенді қайталау	1	23.05	Еске түсір,әңгімелеу дағдысын қадағалау
32	Қысқа көріністер ұйымдастыру	1	24.05	Кейіпкерлерді нақты сомдауға үйрету

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ ертегілері «Алматы» баспасы 2007 жыл 4-бет.
2. Мен оқимын, ойлаймын,ойнаймын Астана-2006 9,108,122 бет
3. Көркем әдебиет «Аруна» баспасы 46 бет,47 бет, 60бет,64 бет.
4. Өнегелі ертегілер «Аруна» баспасы-2007ж 60бет.
5. Жануарлар туралы ертегілері «Алматы» баспасы 54,74 беттер.

«Келісілді»
Зеренді аудандық
«Білім бөлімі»
ММ басшысы
----- Уайсов Ж.Ө.
«-----»-----2020ж



«Бекітемін»
«Жаңаауыл БМ»
КММ-нің меңгерушісі
----- У.Е. Махметова
«-----»-----2020ж



«Қаралды»
ӘБ жетекшісі»

«Бояулар сыры »
Мектепалды даярлық топқа арналған
вариативтік сабақ жоспары

Мектепалды даярлық тобына арналған "Бояулар сыры" вариативтік компонент

Түсінік хат

Қазіргі таңда мектепке дейінгі сәбилік жаста ерекше назар аударатын тәрбие түрі-сезім тәрбиесі. Сезім тәрбиесі алдымен қоршаған ортадағы болымысты қабылдау мен түйсікке негізделеді. Ең алдымен таным көзі-сезім арқылы қабылдауы, бала өз тәжірибесінен бақылап, көріп тануынан тұрады. Сезіну процессі кезінде бала бір нәрсені немесе заттың қасиетін, құрылымын таниды.

Баланың логикалық ойлау түсінігі ең алдымен, оның сезінуімен байланысты. Баланың математикалық түсініктерді дұрыс меңгеруі, баланың дамуы, жас ерекшеліктеріне байланысты болып табылады.

Сезімдік тәрбиемен басталып, математикамен жалғасатын бұл ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, математикалық қарапайым ұғымдарды қалыптастырудың алғашқы баспалдағы деп ойлаймын. Мектепалды даярлық тобында сезімдік және құрастыру жұмыстарын орындау барысында баланың математикалық қарапайым ұғымдар жөніндегі түсініктері қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік эталондарды игеруі балабақшада тәрбиелеу мен білім бағдарламасында көрсетілген геометриялық пішіндермен, түстер мен танысудан басталады. Мұндай танысу негізінен көпшілік қабылдаған үлгілерден басталады да, тиімді іс-әрекеттердің көптеген түрлерін меңгеру үрдісінде өтеді. Тәрбиеші ақыл-ой, сезім тәрбиесінің міндеттерін ойын формасында қойып, оны ойынмен байланыстырады.

Балалардың қабылдауы мен ұғымын дамыту үшін білімді меңгеру, дағдыны қалыптастыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде емес қызықты ойын әрекетінде (жасау және табу, жұмбақ айту, шешу, сурет салу, жарыста нәтижеге жету) іске асады.

Міндеттері:

-Балаларды бірыңғай заттарды сезімдік белгілеріне қарай (көлемі, пішіні, түсіне байланысты) топтауға үйрету;-Баланың қабылдау, ес, ойлау сияқты психикалық процестерін дамыту;

Заттардың қасиеттерін анықтау мақсатымен оларды тексере білуге және бес түсті (ақ, қара, қызыл, сары, көк) ажырата атай білуге үйренеді;

Қандай түсініктерді игерді:

Сезімдік тәрбиеде құрастыру жұмыстары арқылы үйренген сөздерін (киіз үй, ағаш тостаған, ағаш қасық, қоржын, сәукеле, тақия т.б) толық меңгеру; Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Баланың өз бетімен жұмыс істеуі;

"Бояулар сыры" (вариативтік жоспар)

ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

№	Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспарының тақырыптары	Мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі
1	«Алтын күз»	Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.	1	4.09
2	«Түрлі түсті таспалар»	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояуменсызуға үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	11.09
3	«Түлі түсті орамал»	Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1	18.09
4	« Бұлт күнді жапты»	Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүюге, кастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	25.09
5	« Кілемше»	Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1	02.10
6	«Кесені әшекелейміз»	Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекелейгенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	09.10
7	«Сүлгіні әшекелейу»	Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру.	1	16.10
8	«Тікенекті кірпі»	Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтырды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	1	23.10

9	«Тәрелкені әшекейлеу»	Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жұмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру.	1	30.10
10	«Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)»	Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына	1	20.11
11	«Құстар»	Құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап	1	27.11
12	«Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр»	Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана біуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағашқа, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Көк түс пен ақ түстің бір – бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	1	04.12
13	«Қыстағы шуақты күн.»	балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.	1	11.12
14	«Мерекелік отшашу»	Мерекенің өзіне тән ерекшеліктерін беру, отшашуды әртүрлі реңктермен бейнелеу, Бала қиялын дамыту ,әдемілікке ,әсемдікке тәрбиелеу.	1	18.12
15	«Ұзын құлақ сұр қоян»	Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре біуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту	1	25.12
16	«Аққала»	Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту, Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір – бірімен қосу арқылы салуды үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту.	1	15.01.21
17	«Қысқы шыршалар»	Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу	1	22.01
18	«Атама арналған тымақ»	Балаларға киім туралы түсінік бере отырып, тымақпен таныстыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.	1	29.01
19	«Әдемі көйлек»	Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мортаңбалармен, қылқаламмен сурет салудағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру,	1	05.02

		әдемілікке тәрбиелеу.		
20	«Қуыршақтың мойынорағышы»	Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру. Мойынорағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй білуге үйрету. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.	1	19.02
21	«Анама арналған моншақтар »	Балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояуымен бірдей көлемде дөңгелек моншақтардың суретін салуды үйрету. Моншақтың сәндік бұйым екендігін түсіндіру арқылы эстетикалық талғамын дамыту. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1	26.02
22	«Кесені әшекейлейміз»	Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	05.03
23	« Алжапқышты әшекейлейміз (киімнің жиегіне ұлттық ою – өрнек.)»	Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою – өрнектермен әшекейлеуді үйрету.Іскерлік дағдыларды қалыптастыру, алжапқышты әдемілеп әшекейлеу арқылы эстетикалық талғамын дамыту.	1	12.03
24	«8 Наурыз мерекесімен құттықтау ашықхаты.»	анаға арнап ашық хат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге, қыз балаларды сыйлауға, мейірімділік пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	19.03
25	«Күн жарқырап, шөп өсті»	Балаларды боямен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу біліктілерін бекітк. Ұқыптылыққа, әсемділікке тәрбиелеу.	1	02.04
26	«Бақбак»	Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға көктемде өсетін бақбақтың бейнесін сауды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қаруға тәрбиелеу.	1	09.04
27	« Балапандар көк шалғында»	Көк шалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру, сөздік қорларын жетілдіру, қылқыламды пайдаланып, үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық талғамын дамыту.	1	16.04
28	«Машина»	Көлік жайлы түсініктерін кеңейту. Айнала қоршаған ортадан көргендерін, алған әсерлерін бейнелеу іс – әрекетінде бере білуге жаттықтыру. Тік төртбұрыш, дөңгелек пішіндерін тұратын заттық сурет салу дағдыларын қалыптастыру, ұқыптылыққа, әдемілікке үйрету.	1	23.04

29	« Кілемше»	Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.		30.04
30	Атама арналған тымақ.	балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру, қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап-қадірлеуге тәрбиелеу.	1	07.05
31	«Сылдырмақ»	Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Сылдырмақ жайында әңгімелету, такпақтар айтқызу арқылы сөздік өорын байыту, сурет сала білуге үйрету, көркемдік талғамын дамыту.	1	14.05
32	«Қуыршаққа арналған сақина»	Балаларды сақинанаң дөңгелекке ұқсастығын тауып, соны сала білуге жаттықтыру. Сақинаны салуда бояуды сызықтың шеттеріне шығармай бояуды үйрету. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	21.05
Барлық сағат саны:			32	

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мектептегі технология №1. 2009 жылы Әбиева Ф.Б.
2. Балаларға арналған «Бала би» танымдық журналы. №2 2010ж
3. Әбілхан Қастеев кітабы 1986ж
4. Балаларға арналған «Айгөлек журналы» танымд



«Келісілді»
Зеренді аудандық
« Білім бөлімі»
ММ басшысы
----- Уайсов Ж.Ө.
«-----» -----2020ж



«Бекітемін»
«Жанаауыл БМ»
КММ-нің меңгерушісі
----- У.Е. Махметова
«-----» -----2020ж

«Қаралды»
ӘБ жетекшісі»

Handwritten signature

«Сиқырлы сандар »
Мектепалды даярлық топқа арналған
вариативтік сабақ жоспары

Мектепалды даярлыққа арналған «Сиқырлы сандар» факультатив сабағының бағдарламасы

Түсінік хат

«Сиқырлы сандар» курсы - сандар мен оларға қолданылатына малдарды, шамаларды, есептерді, алгебра, геометрия элементтерін біріктірген, олардың өзара байланысы мен өзара әсерлесуін жүзеге асыратын кіріктірілген оқу пәні. Жаңа бағдарламаның мазмұны мен құрылымы оқушылардың математика пәнін жете меңгеріп, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бағдарлама белгілі бір оқу жылына сәйкестендірілген және тақырыптар бойынша жүйеленген.

Бағдарламада мектеп оқулығындағы орыналуы міндетті болып саналмайтын дамытуға бағытталған стандартты емес жаттығулар келтірілген.

Бағдарламалық материал оқушылардың өз білімін тереңдетуге әсер етеді, оқушылар қабілетінің мейлінше кемелдене түсуіне мүмкіндік береді. Мектепалды даярлық тобы оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай жасалынған.

Мақсаты:

- Оқушыларға грамматикалық білім, білік, дағдыларын игерту;
- Шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- Зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.
- Оқушының оқу мен жазу дағдыларын жетілдіріп, өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын дара тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Мемлекеттік білім стандарты деңгейді білім, білік және дағдыларын игерту
- «Логика әлемі» курсының мазмұны арқылы танымдық және коммуникативтік іс-әрекетке, өздігінен білім алуға және еңбекке бейімдеу, сондай-ақ ата-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сана, халықтық ұлттық болмысты жалпы адамзаттың мәдени мұраларымен үндестіру арқылы баланы тұлға ретінде қалыптастыру;

- Оқушының ақыл-ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыту;
- Мектептің негізгі сатысында оқуға, меңгерген математикалық білімін өмірде қолдануға жан- жақты дайындауды жүзеге асыру;
- Математиканың өмірде болып жатқан нақты құбылыстарды жалпылауға және қоршаған болмысты танып-білуге көмектесетін ғылым болып табылатыны туралы түсініктердің қалыптасуына ықпал ету;
- Оқушының өмір сүруіне және мектептің келесі деңгейде оқуын жалғастыруы үшін қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Бір таңбалы сандар қатарының ретін білу;
- Бір таңбалы сандарды қосу және азайту;
- Қосумен азайтуға байланысты таңбалар мен терминдер;
- Қосудағы және азайтудағы нөл мен бірдің қасиеттерін;
- 10 көлеміндегі қосу кестесін білуі тиіс;
- Геометриялық фигураларды атай алуы;
- Берілген ұзындығы бойынша кесіндіні сала алуы;
- Логикалық тапсырмаларды орындай алуы.

Мектепалды даярлыққа арналған «Сиқырлы сандар» факультатив сабағының жылдық жоспары.

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Мақсаты , тапсырмалар
1	Бірдей суреттерді боя	1	2.09	Балалар суреттерді мұқият қарап , зер сала білуге үйрету
2	Суретті толықтыр	1	9.09	Балалар суреттерді мұқият қарап , зер сала білуге үйрету
3	Бесіншісі артық	1	16.09	Балалар суреттерді мұқият қарап , зер сала білуге үйрету
4	Кезектесу ретін сақта	1	23.09	Тиісті түске боя.
5	Заңдылығын тап	1	7.10	Балалар суреттерді мұқият қарап , зер сала білуге үйрету
6	Пішіндерді боя	1	14.10	Тиісті түске боя.
7	Жетпей тұрған пішін	1	21.10	Балалар суреттерді мұқият қарап , зер сала білуге үйрету
8	Ойлан	1	28.10	Тиісті түске боя.
9	Бос торды толтыр	1	11.11	Тиісті түске боя.
10	Штрихта	1	18.11	Сызба арқылы көрсет
11	Оқу заттарын боя	1	25.11	Тиісті түске боя.
12	Суретті аяқта	1	2.12	Шаяндарды санап, шыққан санды төртбұрышқа жаз.
13	Кеністікте бағдарлау	1	9.12	Балалар суреттерді мұқият қарап , зер сала білуге үйрету
14	Суреттің жалғасын тап	1	16.12	Балалар суреттерді мұқият қарап , зер сала білуге үйрету
15	Логикалық тапсырма	1	23.12	Балалар суреттерді мұқият қарап , зер сала білуге үйрету
16	Толық санды , фигураны сал	1	13.01	Балалар суреттерді мұқият қарап , зер сала білуге үйрету
17	Фигураларды тап	1	20.01	Балалар суреттерді мұқият қарап , зер сала

				білуге үйрету
18	Тізбектерді жалғастыр	1	27.01	Ойласып жазу.Тиісті түспен боя.
19	Сәйкестендір	1	3.02.	Сызба арқылы көрсет
20	Бос жұлдыздарға тиісті сандарды жаз	1	17.02	Ойласып жазу.Тиісті түспен боя.
21	Жетпей қалған жалаушаларды сал	1	24.02	Тиісті санда жаз.
22	Қанша сайқымазақ болса, сонша допты боя	1	3.03	Ойласып жазу.Тиісті түспен боя.
23	Тиісті сандарды жаз	1	10.03	Тиісті санда жаз.
24	Тиісті сандарды жаз	1	17.03	Тиісті санда жаз.
25	Суретке қарап, өрнек құрастыр	1	7.04	Тиісті санда жаз.
26	Өрнектің жауабын жаз	1	14.04	Суретке қарап өрнек құрастыр
27	Өз бетіңше орында	1	20104	Өрнектің жауабын жазып үйрен
28	Өрнектің жауабын жаз	1	28.04	Өрнектің жауабын жазып үйрен
29	Тиісті санды қой	1	5.05	Ойласып жазу.Тиісті түспен боя.
30	Өлшемін жаз	1	11205	Сызба арқылы көрсет
31	Екі санды салыстырып, ең үлкенін қорша	1	19.05	Сызба арқылы көрсет
32	Өз бетіңше орында	1	25.05	Салыстыр

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сиқырлы пішіндер мен сандар 2003 ж
2. Балалардың мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұнын игеру және меңгеру сапасын бағалау және өлшеу әдістемесі 2011ж
3. Мектепке дейінгі балалардың ойлауын дамытушы технологиялар әдістемелік құрал 2014 ж
4. «Балаңыз мектепке дайын ба?», «Мектептегі психологиялық диагностика әдістемесінен», «12 жылдық білім беру бағдарламасы әдістемелерінен» тест тапсырмалар мен жаттығулар
5. Қызғылықты математика. Аруна, 2008